

## ЖОБА

### Алға аудандық мәслихатының «2021-2023 жылдарға арналған Қарағаш ауылдық округ бюджетін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2021-2023 жылдарға арналған Қарағаш ауылдық округ бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мына көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 22 843 мың теңге;

оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2 466 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 52 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге

трансферттер түсімдері - 20 325 мың теңге;

2) шығындар – 22 843 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру - 0 мың теңге;

оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге; оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 0 мың теңге;

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылған қалдықтары – 0 мың теңге;

2. Қарағаш ауылдық округ бюджетінің кірісіне есептелетін болып ескерілсін:

Жеке табыс салығы;

Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық ;

жер салығы;

көлік құралдарына салынатын салық;

мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

3. Қазақстан Республикасының «2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 9 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2021 жылғы 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері - 42 500 теңге;  
2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 917 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 34 302 теңге.

4. 2021 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне берілген субвенция көлемі – 20 325 мың теңге сомасында көзделді.

5. «Алға аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет - ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

6. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихатының  
сессия төрағасы  
М.Муратбаев**

**Аудандық мәслихат  
хатшысы  
Б.Жұмабаев**